



«БЕКІТЕМІН»  
«Еркіншілдік ауылдың жалпы  
орта білім беретін мектебі» КММ  
«01» қыркүйек 2023 жыл

**Құқық бұзушылықтың алдын алу Кенесінің  
2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспары**

**Кенес мақсаты:** «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы кәмелетке толмағандардың занға мойынсынуышылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кенесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық үйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

**Алдын алу Кенесі қызметінің міндеттері:**

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты үйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасаудың ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оналту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

<b>Айы</b>	<b>Тақырып</b>	<b>Жауаптылар</b>
Қыркүйек	<p>Алдына алу кеңесі құрамын бекіту, бұйрық шығару</p> <p><b>№1 отырыс</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу.</li> <li>2. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу.</li> <li>3. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту.</li> <li>4. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сыннып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету.</li> <li>5. Еркіншілік АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспарын бекіту.</li> <li>6. Психологтың 2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту</li> </ol>	<p>ДТЖО Салқынбаева А.А</p> <p>ДТЖО Мырзахан К</p> <p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә.</p>
Казан	<p><b>№2 отырыс</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектептің 2023-2024 оку жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау.</li> <li>2. 5-11 сыннып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау.</li> <li>3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау.</li> </ol>	<p>ДТЖО Салқынбаева А.А</p> <p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә.</p> <p>Мырзахан Қайратгұль</p>
Қарааша	<p><b>№3 отырыс</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп.</li> </ol>	<p>ДТЖО</p> <p>Мырзахан Қайратгұль</p>

	<p>2. 3,6-сынып оқушыларының оку іс-әрекетін үйімдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат.</p> <p>3. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>4. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.</p> <p>5. Рейд жүргізу туралы ақпарат</p>	<p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә.</p> <p>ДТЖО Салкынбаева А.А..</p>
Желтоқсан	<p><b>№4 отырыс</b></p> <p>1.3,6 сыныптардың оку қызметін үйімдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.</p> <p>Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>2.1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.</p> <p>3.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін карау.</p> <p>4. «Адал үрпак», «Жас сарбаздар» клубының жұмыстары туралы есеп</p>	<p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә.</p> <p>ДТЖО Салкынбаева А.А..</p> <p>ДТЖО</p> <p>Мырзахан Қайратгұль</p> <p>Клуб жетекшілері</p>
Қантар	<p><b>№5 отырыс</b></p> <p>1. 2023-2024 оку жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығының қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.</p> <p>2.10-шы және 11-ші сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.</p> <p>3.Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>5. 2023-2024 оку жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау.</p> <p>6. Сабактан көп қалатын оқушылармен жұмыс, үнемі қадағалап отыру.</p>	<p>ДТЖО Салкынбаева А.А..</p> <p>ДТЖО</p> <p>Мырзахан Қайратгұль</p> <p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә.</p> <p>ДТЖО Салкынбаева А.А..</p> <p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә</p> <p>ДТЖО</p>

		Мырзахан Қайратгуль
Ақпан	<p><b>№6 отырыс</b></p> <p>1. 3-4 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.</p> <p>2. 9 сыныптардағы құқық (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы.</p>	3-4-сыныптың сынып жетекшілері ДТЖО Салқынбаева А.А..
	<p><b>№7 отырыс</b></p> <p>1. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>2. 8 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.</p> <p>3. Мектеп ортасында сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпак" мектеп клубының қызметі туралы.</p>	ДТЖО Салқынбаева А.А.. Психолог Жайсанбаева Е.Ә Смиайлова Ж.Т Депутат Наурызгүль Клуб жетекшілері
Наурыз		

	<p><b>№ 8 отырыс</b></p> <p>1. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көніл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насиҳаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау.</p> <p>2. 2023-2024 оку жылының 3 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.</p> <p>3. 7 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы,</p>	<p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә</p> <p>ДТЖО Салқынбаева А.А..</p> <p>Сынып жетекшілер</p>
Мамыр	<p><b>№9 отырыс</b></p> <p>1. Әлеуметтік нормалар және бейәлеуметтік мінездікілік (қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік)</p> <p>2. Оқудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды үйімдастыру туралы</p> <p>3. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оку жылындағы қызметіне талдау.</p>	<p>Психолог Жайсанбаева Е.Ә</p> <p>ДТЖО Салқынбаева А.А..</p> <p>ДТЖО Мырзахан Қайратгұль</p>

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А. 

**Құқық бұзушылықтың алдын алу Қенесі  
отырысының № 1 хаттамасы**

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

28.09.2023 жыл

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің тәрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл

учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

Мектеп медбикесі Жаба Акерке

**Күн тәртібінде:**

**№1 отырыс**

1. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу.

2. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу және есепке қою ережелерімен таныстыру.

ДТЖО Салқынбаева  
А.А

3. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту.

Психолог Жайсанбаева  
Е.Ә.

4. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, түрмисы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сыйып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету.

ДТЖО Салқынбаева  
А.А

5. Қоянды АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспарын бекіту.

Психолог Жайсанбаева  
Е.Ә.

6. Психологтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту

**Тындалды 1-сұрақ бойынша ДТЖО Салқынбаева А.А**

Өз сөзінде қатысушыларды мектептің Жарғысы және Құқық бұзушылықты алдын алу кеңесінің Ережелерімен таныстыруды. Қатысушылар сұрақтарына т жауаптарын берді.

**Тындалды 2-сұрақ бойынша ДТЖО Салқынбаева А.А**

Өз сөзіндегі қатысушыларды 2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыруды.

Мектептің Жарғысының 3-тармағын басшылыққа ала отырып, оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелерімен таныстыруды. Оқушылар тәртіп бұзған жағдайда, өздері және ата-аналары қандай жауапкершілікке тартылатындары туралы ескертілді.

#### **Тындалды 3-сұрақ бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә.**

Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекітілді.

#### **Тындалды 4-сұрақ бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә.**

«Тәуекел тобы» оқушылармен жұмысты ұйымдастыру мақсатында мектеп бойынша өгей әкемен, шешемен тұратын балалар анықталып, тізімі жасалды. Өгей әкемен, шешемен тұратын балалардың сабакқа қатысуына бақылау жасалды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелерге, секцияларға қатыстырылып, өздерінің бейімділігіне қарай бағыттар берілді. Өгей әкемен, шешемен тұратын отбасылардың үйіне зерттеу актісін жасау сынып жетекшілермен бірге ұйымдастырылды. Әлеуметтік паспорттар тексеріліп, өзгертулер енгізіліп, талдаулар жүргізілді.

#### **Тындалды 5-сұрақ бойынша ДТЖО Салқынбаева А.А**

2023-2024 оку жылына арналған Еркіншілік АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жоспары талқыланып, бекітілді.

#### **Тындалды 6-сұрақ бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә.**

2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспарын мектепшілік іс-шаралармен атқарылатын жұмыстарды негізге ала отырып бекітілді.

Сынып жетекшілер, оқушылар бойынша қажетті мағлұматты жинақтап, жүйелі жұмыс жасауға негізделген.

Ата-анамен тығыз байланыс орнатып, олар тарапынан қойылған сұрақтарға толық, занды түрде жауап беріледі.

Әртүрлі тақырыптарда жан-жақты жұмыстар жасап, уақытылы есеп беріледі.

Мектеп психологының оку жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту арқылы жыл бойы тиянақты жұмыс атқарылып отырылады.

#### **Шешімі:**

1. Хабар мәліметке алынсын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кенесінің 2023-2024 оку жылына арналған жоспары бекітілсін.
3. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекітіліп, іс-шаралар уақытында өткізілсін.
4. "Тәуекел тобындағы", әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан, есепте тұрған балалардың әлеуметтік паспорттары түзетіліп, бақылауға алынсын.

5. Еркіншілікм АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылына бекітілсін.
6. 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп психологының жұмыс жоспары бекітілсін.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

A handwritten signature consisting of stylized initials "И.С." followed by a more cursive signature.

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

## Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысының № 3 хаттамасы

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»

Еркіншілік ауылы

30.11.2023 жыл

**Қатысқандар:**

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТІЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл

учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

Мектеп медбикесі Жаба Акерке

**Күн тәртібінде:**

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп. (Мырзахан Қайратгұль)
2. 3,6-сынып окушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат. (Жайсанбаева Е.Ә )
3. Окушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. (Жайсанбаева Е.Ә )
4. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат. (Салқынбаева А.А.)
5. Рейд жүргізу туралы ақпарат (Салқынбаева А.А )

**Тындалды:**

**1-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары орынбасары Салқынбаева А.А.** Өз сөзінде қатысушыларды тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы есеп берді. Мектебімізде 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқанының жоспары негізінде төмендегі іс-шаралар өткізілді. 9-қараша күні тарих пәні мұғалімі Ардай Хуантхан “Адал үрпақ” клубы және Өзін-өзі басқару үйімі мүшелерімен бірлесе отырып Республикалық акцияның басталуы туралы “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты дөңгелек үстел ұйымдастырыды. Кездесу барысында қауіпсіздік және зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері туралы түсіндірді.

5-сынып окушылары арасында “Бала құқықтары жас суретшілер көзімен” атты сурет көрмесі өткізілді. Мектеп психологы “Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын” атты 8-сынып окушылары арасында тренинг өтті.

16-қараша күні Дебат қозғалысының фракциясы мен “Алғыр” дебат клубының ұйымдастыруымен БП: “Бұл палата зорлық-зомбылықсыз балалық шақ бар деп есептейді” тақырыбында дебат өткізілді. 16-қараша күні Құқық және тәртіп министрі “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты 5-сынып окушыларымен дөңгелек үстел өткізді. 14-қараша күні бастауыш сынып мұғалімі Аманбек Гулдаурен “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты сынып сағатын өткізді.

15-қараша күні мектеп психологы 7-сынып окушыларымен “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты тренинг өткізді. Сонымен қатар жылдық жоспарға сәйкес жыл бойы зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен ата-аналар жиналысында, қамқоршылармен және жасөспірімдермен профилактикалық және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар әлеуметтік желілерге күнделікті жарияланып отырады.

**Сөз сөйледі кеңес төрағасы, мектеп директоры Исатаева Б.Г.**

Ол тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері қатаң бақылауға алынып, тиісті жұмыстар жүргізуін айтты.

**2-мәселе бойынша тындалды мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә**  
3,6 сыныптардағы оқу және окушы ережесі туралы алдын алу бойынша сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагогтар бірігіп окушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын тексерді.

Ахсундет Тохтасын 3 «А» сынып ерекше оқытуды қажет ететін окушы.  
Тауей Ақжол 6 «Ә» сынып ерекше оқытуды қажет ететін окушы.

Мектепішілік есепте тұрған окушылар жоқ. Жоғарыда көрсетілген окушылардың материалдық және тұрмыстық үй жағдайын тексеру актісі жүргізілді. Ата-аналардың қойған сұраптарына жауап беріп, жан-жакты түсіндірлгенін баяндады.

**3-мәселе бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә**

Психологтар сынып жетекшілерімен бірге күн сайын балалардың мектепке келген көніл-күйін бақылауда. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері балалардың жағдайы дұрыс емес болған жағдайларда психологтарға хабарласады, психолог сұхбат жүргізеді, себебін анықтап мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес береді.

**4-мәселе бойынша тындалды Салқынбаева А.А.** Әрбір баланың аман-сау есіп, жан-жакты дамуын қамтамасыз ету мақсатында 4-8 сыныптар арасында «Тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы» тақырыбында мәлімет беріліп, окушылардан сұрап-жауаптар алынды. Тақырыпқа байланысты суреттер салынып, «Мен бақытты баламын» ой толғауы өткізілді.

“Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” республикалық акпараттық акциясы аясында 7-8 сынып окушыларымен

"Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында кездесуді ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты: өзі жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, бойларындағы адами қасиеттерді сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып есуге тәрбиелеу. Бұл жұмыс жыл бойы жалғасатының ескертті.

### **5-мәселе бойынша директордың тәрбие орынбасары Салқынбаева А.А.**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының маңыздылығын ескере отырып, мектеп әкімшілігі мен ұстаздары, ауылдық полиция қызметкерлерімен қараша айы бойы тұнгі рейдтер ұйымдастырылды. Рейд барысында ауыл көшелері, сауда орталықтары, шағын маркет пен дүкендер бақылауға алынды. Нәтижесінде рейд барысында тәртіpbұзушылық анықталмады .

**Сөз сейледі кеңес тәрағасы, мектеп директоры Исатаева Б.Г.** Тұнгі уақытта оқушылардың жүрмеуі қатаң бақылауға алынып, ата-аналармен де профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

#### **Шешімі:**

1. Хабар мәліметке алынсын.
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен профилактикалық және түсіндірме жұмыстары жоспарға сәйкес оку жылы бойы жүргізіліп, нәтижесі әлеуметтік желілерге жариялансын.
3. Оқушылардың оку іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілсін.
4. Оқушылардың психологиялық жағдайы күнделікті жүргізіліп, қатаң бақылауға алынсын.
5. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
6. Тұнгі рейд бекітілген кестеге сәйкес ай сайын жүргізілсін.

Мектеп директоры :  
Хатшысы:



Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

## **Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысының № 2 хаттамасы**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТІЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нурасыл

учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

Мектеп медбикесі Жаба Акерке

### **Күн тәртібінде:**

1.Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау  
(Салқынбаева А.А)

2.5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көніл-күйін анықтау үшін  
сауалнама нәтижелерін талдау. (Жайсанбаева Е.Ә)

3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес  
отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі  
тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың  
қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау.  
ДТІЖО .Мырзахан Қайратгұль

**Тындалды: 1-мәселе бойынша директордың тәрбие орынбасары  
Салқынбаева А.А.**

Өз сөзінде қатысушыларды мектептің әлеуметтік паспортымен таныстырыды.

Жалпы оқушы саны - 629

Көп балалы отбасынан шыққан оқушы саны -315

Ақ қамтылған отбасынан шыққан бала саны – 126

Жетім бала саны – 1

Үйде оқытылатын бала саны – 2

Мектепішілік бақылауда тұрған бала саны – 0

Толық емес отбасынан алынған бала саны – 41

Тегін тамақтанатын оқушылардың саны – 126

**2-сұрақ бойынша тындалды мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә .**

5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көніл-күйін анықтау үшін  
сауалнама нәтижелерін талдау туралы айтып өтті. Қыркүйек-қазан айлары  
бойынша 5-сынып оқушыларынан «Мазасыздықты анықтау үшін экспресс  
әдістемесі», 7-сынып оқушыларынан мектеп, отбасы, болашақ, мектеп жайлы  
мазасыздықтарын анықтау мақсатында «Аяқталмаган сәйлемдер» әдістемесі,  
8 сыныптардан қобалжу, фрустрация, агрессия және регидтілік деңгейлерін  
анықтау үшін Айзенк сауалнамасы алынды. 10-сынып оқушыларынан оқу  
мотивациясы мен окуға деген эмоционалды қарым-қатынасты анықтау үшін  
сауалнама алынды. 11-сынып оқушыларынан Жеке және жағдайға  
байланысты (реактивті) аландаушылық шкаласы (Ц.Д.Спильбергер –  
Ю.Л.Ханин) алынды. Диагностика нәтижесінде тәуекел тобындағы

окушылармен түзету дамыту жұмысы ұйымдастыру ұсынылды. Орташа аландаушылық пен азасыздық тобындағы окушыларға бақылау қажеттілігі ұсынылды.

### 3-мәселе бойынша тыңдалды Мырзахан Қайратгуль

Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шаралары жүргізілгені туралы айтты. жетім балалар саны-1, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалар саны-7, мектепішілік бақылауда тұрған окушылар-0 ,толық емес отбасылардан шыққан балалар саны-41, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар саны – 126 екені анықталды. Оку жылы барысында берілген мәліметтер өзгереді.

#### **Қабылданған қаулы:**

1. Хабар мәліметке алынсын.
2. мектептің әлеуметтік паспорты бекітілсін.
3. 5-11 сынып окушыларының аутодеструктивті көңіл-күйлері бақылауға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілсін.
4. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға рейдер ұйымдастырылып, қатаң бақылауға алынсын.

Мектеп директоры :  
Хатшысы:



Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу Қенесі**  
**отырысының № 4 хаттамасы**

«Еркіншілік ауыларының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

28.12.2023 жыл

**Катысқандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кенес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә.

Ата-аналар кенесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару» мектеп парламентінің президенті : Мурат Нурасыл

учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

Мектеп медбикесі Жаба Акерке

**Күн тәртібінде:**

1.1-2-сыныптардың оку қызметін үйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат. (Психолог Жайсанбаева Е.Ә)

2.1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат. (Психолог Жайсанбаева Е.Ә)

3.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.( ДТЖО Мырзахан Қайратгұль)

4. «Адал ұрпак», «Жас сарбаздар» клубының жұмыстары туралы есеп (клуб жетекшілері)

**Тындалды:**

**1-мәселе бойынша Психолог Жайсанбаева Е.Ә** Өз сөзінде 1-2 сыныптардың оку қызметін үйымдастыру бойынша оқушылардың сабакқа қатысуы қадағаланды. Жайсыз отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылардың үйлеріне рейд жасалып, акт жасалынды. Рейд барысында балалардың жағдайы, жай-күйі тексерілді. Отбасы мүшелерімен әңгімелесі жүргізіліп, акт толтырылды.

**2-мәселе бойынша Психолог Жайсанбаева Е.Ә** Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу мақсатында 1-сынып оқушыларының «Менің отбасым» проектті методикасы алынды. Нәтижесі бойынша, ата-аналар мен балалар, және сынып жетекшілерімен сұхбат жүргізілді. 2-сынып оқушыларынан «Отбасы социограмма» методикасы алынды. Нәтижесі бойынша, ата-аналары мен сынып жетекшілерімен сұхбат жүргізілді.

**3-мәселе бойынша тындалды Мырзахан Қайратгұль**. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын жеке істерін қарау жұмысын үйымдастыру мақсатында мектеп бойынша өгей әкемен, шешемен тұратын балалар саны анықталып, тізімі жасалынып, олардың сабакқа қатысуы бақылауға алынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді үйымдастыру мақсатында үйірме, спорттық секцияларға қатыстырып, өздерінің бейімділігіне

қарай бағыттар берілген. Өгей әке мен шешемен тұратын отбасылардың үйіне зерттеу актісін жасау сынып жетекшілерімен бірге үйымдастырлды.

#### **4-мәселе бойынша «Адал Ұрпақ» клуб жетекшісі Дубайхан Бахыттыңдалды.**

Әр оқу жылдарының басында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары, жауапты тұлғалар тағайындалып, ұжымға таныстырылады. Эрбір оқу жылдарында жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, жауапты адамдар жоспарға сай жұмыстар жүргізді. Қазіргі кезде, жалпы бұл үйымда 20 бала мүшелік етеді. Бұл «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі – қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі Дубайхан Бахит.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері: мектепте сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды үйимдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып, «Адал Ұрпақ» үйымының әр оқу жылына жұмыс жоспары бекітіледі, сондай-ақ, оқушыларды клуб мүшелігіне қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс жоспарына сай «Адал ұрпақ» патриоттық клубы мүшелерінің отырысы, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталас практикумдары, елімізге танымал тұлғалармен кездесулер оқушылардың сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру бағытында өткізілуде. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылдары мектебімізде жемқорлыққа қарсы курес мәдениеттің қалыптастыру бағдарламасының іске асырылуы бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Атап айтсақ, қыркүйек, қазан, қараша айларында «Сыйбайлар жемқорлық деген не?», «Жемқорлық індегі, жою міндет», «Дені сау ұрпақ елдің болашағы», «Адал ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі ұғым» тақырыптарында сынып сағаттары мен әңгіме сабактар жүргізілді. Мақсаты: оқушы бойынша адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастыру.

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сәйкес желтоқсан, қантар, ақпан, наурыз айларында да «Зан бала құқығын қорғау», «Адал және сатылмайтын еңбек», «Біз жемқорлыққа қарсымыз», «Тәжірибелі бар ма?», «Сыйбайлар жемқорлықсыз мемелекет қандай болады?», «Мен міндеттімін», «Қылмыс пен жаза» тақырыптарынад дөңгелек үстел, сюжеттік ойындар, сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты, мектеп ортасында жастарды рухани өнегелікке және азаматтық - отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталған сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастыру.

Сонымен қатар, сәуір, мамыр айларында датағылымға толы тәрбие сағаттары, тарихи-тәнімдүк сабактар, интеллектуалды байқаулар, адалдық сағаттар өткізілді. Атап айттар болсақ, « Жемқорлықсыз қоғамға қадам», пікір сайыс, « Біздің таңдауымыз – занды мемелекет» дөңгелек Үстел өтіп, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу сауалнамалары жүргізілді.

Жыл сонында оқушылар арасында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама өткізіліп, клубтың жылдық жұмыстары бойынша анализ және қорытынды шығарылды.

**«Жас сарбаз» клубының жетекшісі Каримжан Кудакелді** Жас сарбаз үйірмесі 01.09.2015 жылдан бері Жас үрпаққа патроттық тәрбие беріп келеді. Бұл үйірмеде жыл бойында барлығы; 33 бағытта жұмыс жасайды.

Бұл үйірмеге; 10-11 сыныптардан барлығы 11 оқушы қатысады.

Мақсаты; Жас сарбаз үйірмесінде оқушылар әртүрлі оқу жаттығулар, сайыстар «Рухани жаңғыру» тақырыптарында және сайыстарға қатысады.

Соның ішінде; Салауатты өмір салтын қалыптастыру, Әскери кросс, Саптық жаттығулар, Патриотизм деген не?, Соғыс тыл ардагерлеріне отбасыларына көмек, Атыс дайындығы, Жалпыға бірдей әскери қызмет туралы зандар, Отан алдындағы міндет сияқты көптеген сайыстарға қатысып білімін және патриоттық сезімін шындаиды.

#### Шешімі:

1. Ақпарат мәліметке алынсын.
2. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру жұмысы жалғастырылсын.
3. Мектептегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жоспар негізінде өткізіліп, бақылауға алынсын. Өткізілген шаралар әлеуметтік желілерге жариялансын.
4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке құжаттары талапқа сай жүргізілсін.
5. «Балалар өкілдері», «Адал үрпақ», «Жас сарбаздар» клубтарының жұмыстары «қанагаттанарлық» деп танылсын.



Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу Қеңесі  
отырысының № 5 хаттамасы**

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

31.01.2024 жыл

**Катысқандар:**

**Катысқандар:**

1.Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті: Мурат Нұрасыл

учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

Мектеп медбикесі Жаба Акерке

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оку жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығының қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. ДТЖО Салқынбаева А.А.

2.10-шы және 11-ші сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. ДТЖО Салқынбаева А.А.

3.Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. Психолог Жайсанбаева Е.Ә.

4. 2023-2024 оку жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау. (ДТЖО .Мырзахан Қайратгұль)

5. Сабактан көп қалатын оқушылармен жұмыс, үнемі қадағалап отыру.(ДТЖО .Мырзахан Қайратгұль )

**Тындалды 1-сұрақ бойынша ДТЖО Салқынбаева А.А..**

2023-2024 оку жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығының қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау барысында көмекті қажет ететін отбасыларға қандай көмек түрлерін (тегін тамақ, киім-кешек, азық түлік) көрсету бойынша талқылау жасалғанын айтты.

**Тындалды 2-сұрақ бойынша ДТЖО Салқынбаева А.А..**

10-шы және 11-шы сыйнаптардағы құқық бұзушылықтардың ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылықты алдын алу бойынша және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сыйнап окушыларына профилактикалық жұмыстар жүргізіле отырып, қажетті окушылардың үйіне сыйнап жетекшілермен бірлесіп барып, рейд жүргізіліп, акт толтырылды.

**Сөз алды мектеп медбикесі Жаба Акерке**. Ай бойы 10-11-сынып окушыларының жеке бас гигиена тазалығы тексерілді, гигиенага талап емес окушы 3 күнге сабактан босатылып, берілген күндер ішінде тазалық сақтап келеді. Окушылармен ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылықты алдын алу бойыншав баяндамалар оқылып, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. 31.01.24 жылы мектепішілк ата-аналар жиналышында электронды шылым, ерте жүктілік, жыныстық қөлсұғылмаушылық, жеке бас гигиена туралы айтылып, бейнероликтер көрсетіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

**Тындалды 3-сұрақ бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә**

Психологтар, әкімшілік, әлеуметтік педагогтар мен сыйнап жетекшілерімен бірлсе отырып окушылардың мектепке келген окушыларды қарсы алып, көңіл-күйлерін бақылайды. Сыйнап жетекшілері мен пән мұғалімдері балалардың дұрыс емес болған жағдайда психологтарға хабарласып, бағыттап отырады. Кейбір жағдайда окушылар өздерінің өтініштері бойынша психологиялық консультацияға келеді. Нәтижесінде, окушылардың жағдайы анықталып, консультация, кенес пен ұсыныстар берілетінін хабарлады.

**Тындалды 4-сұрақ директордың тәрбие орынбасары Мырзахан Қайратгұль** 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында іс-шаралар жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Бекітілген жоспарға сай 4 Құқықбұзушылық кеңес отырысы өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды. Құқықбұзушылық жасаған окушылардың ата-аналары және окушылармен жеке отырыстар өткізілді. Хаттамалар жазылды.

**Тындалды 5-сұрақ директордың тәрбие орынбасары Мырзахан Қайратгұль** Ай сайын окушылардың сабакқа қатысуы қатаң бақылауда. Сабакқа кешікке окушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, қайталаған жағдайда ата-аналарын мектепке шақыртып, алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Денсаулығына байланысты сабактан қалған окушылар дәрігерлік анықтамаларын мектеп медбикелеріне тапсырады.. Күнделікті мектеп әкімшілігі окушыларды тексереді, сол есептерден мектеп директорына есеп беріледі. Окушылардың себептерін анықтап, анықтамасы болмаған жағдайда ата-аналарына ескертіледі. Қатысу туралы сыйнап және мектепішілік ата-аналар жиналышында да айтылды. Эр сәрсенбі күні ауданға есеп берілетіні туралы ескертілді.

**Шешімі:**

1. Ақпарат мәліметке алынсын.

2. Профилактикалық есепте тұратын оқушылармен жұмыс қатаң бақылауға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілсін.
3. 10-11 сыныптарындағы құқық бұзушылыққа жақын тұратын оқушылар қатаң бақылауға алынсын.
4. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі қатаң бақылауға алынсын.
5. 2023-2024 оку жылы бірінші жартыжылдық Құқықбұзушылықты алдын алу Кенесінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
6. Оқушылардың сабакқа қатысуы қатаң бақылауға алынып, себепсіз сабакты босататын оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізілсін.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу Қеңесі  
отырысының № 6 хаттамасы**

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

29.02.2024 жыл

**Қатысқандар:**

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТЖО .Мырзахан Қайратгүль

Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл  
учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

**Мектеп медбикесі Жаба Акерке Құн тәртібінде:**

1. 3-4 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сыннып оқушыларына бару туралы ақпарат.  
(3-4-сыныптың сыннып жетекшілері)
2. 9 сыныптардағы құқық (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сыннып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.  
(ДТЖО Салқынбаева А.А..)
3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы.  
(Психолог Жайсанбаева Е.Ә.)

**Тындалды 1-сұрақ бойынша** 3-4 сыныптың сыннып жетекшілері сыныптарында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сыннып оқушыларымен келесі жұмыстар аткарылды:

- қажеттілікке байланысты оқушылардың ата-аналарымен кездесу;
- сабактан жиі қалатын оқушылармен жұмыс;
- қажеттілікке байланысты үйлерге рейд жасау;
- оқушылармен жеке сөйлесу;
- сыннып жетекшілерінің сұранысы бойынша жұмыс. Сонымен қатар, сыннып сағаттарында құқықбұзушылық туралы әнгімелесулер жүргізілді. Сонымен қатар мектеп әкімшілігімен бірлесіп үйлеріне отбасының материалдық және пәтерлік тұрмыстық жағдайын тексеру жүргізіп, АКТ құрастырды. Нәтижесінде, ата-анасына үйдің ішін таза ұстап, оқушыларды уақытында мектепке жіберуін ескертті. Екі отбасы қатаң бақылауға алынды.

## Тындалды 2-сұрақ бойынша (ДТЖО Салқынбаева А.А..)

9-сыныптардағы құқық бұзушылықтардың ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылықты алдын алу бойынша және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сыйып окушыларына профилактикалық жұмыстар жүргізіле отырып, қажетті окушылардың үйіне сыйып жетекшілермен бірлесіп барып, рейд жүргізіліп, акт толтырылды.

2023-2024 оқу жылында 9 сыйыптар арасында окушыларын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында зорлық-зомбылық фактілерімен күресу мақсатында мектепте «Сенім жәшігі» орнатылған болатын. Білім алушыларға сенім жәшігінің қызметі туралы «Сенім телефоны. Көмекті қалай сұрау керек?» атты жадынамалары түсіндірілді. Сонымен қатар сыйып окушыларымен ақпан айында өткізілген жұмыстар туралы айтылды.

Жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында 9 сыйып қыздары арасында 2024 жылдың 12 ақпанда мектепте оқитын кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жүктіліктің алдын алу және отбасын жоспарлау туралы репродуктивті сауаттылықты жоғарылату жөнінде санитарлы-агарту жұмысын жүргізу мақсатында «Арынды сакта бойжеткен» атты мектеп медикесі кездесу өтті.

Сыныпта қыздар арасында «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Қыздар тарапынан сұрқартар қойылды. Эр окушының пікірлері ескеріліп, тындалды.

## Тындалды 4-сұрақ бойынша мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысымен бекітілген «Баланың құқықтарын қоргауды күшейтк, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасының 15 тармағында «Білім беру үйымдарында татуласу (медиация) қызметін құру тәжірибесін зерделеу және тарату» көзделген. Осыған байланысты, мектеп медиациясы қызметіне өтініштерді тіркеу журналы басталды. Осы уақытқа дейін 2 өтініш қаралды. Барлығы он шешім табылды.

### Шешімі:

1. Ақпарат мәліметке алынсын.
2. 3-4 сыйыптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Окушылардың психологиялық жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 3.9- сыйыптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі, окушылардың психологиялық жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Мектептегі Татуласу қызметінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Құқықбұзушылықтың алдын алу Кенесі  
отырысының № 7 хаттамасы**

«Еркіншілік ауыларының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

28.03.2024 жыл

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.

ДТІЖО .Мырзахан Қайратгұль

Кенес хатшысы Салқынбаева А.А.

мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә .

Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла

«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл  
учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

**Күн тәртібінде:**

1. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. (Смиайлова Ж.Т)

2. 8 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. (Депутат Наурызгұль )

3. Мектеп ортасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпак" мектеп клубының қызметі туралы.  
(Клуб жетекшілері)

**Тындалды 1-сұрақ бойынша (Смиайлова Ж.Т)**

Өз сезінде 6 сыныптарда құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жоспар құрылғаны туралы мәлімдеді. Сол жоспарға сәйкес әр түрлі тақырапта оқушыларға сынып сағаттарында ескертулер айтылды.

Оқушылардың құқығы мен міндеттері туралы ата-аналар мен бірге оқушыларға да түсіндіріліп, жан-жақты жұмыстар жүргізілгендері туралы хабарлады.

**Тындалды 2-сұрақ бойынша (Депутат Наурызгұль )** 8 Сынып жетекшілері психологтармен бірге күн сайын балалардың мектепке келген көніл-күйін бакылауда. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері балалардың жағдайы туралы (күйзелісте, стрессте) жүрген жағдайларда психологтарға хабарласады. Сол кезде психолог оқушылармен диагностика, сұхбат жүргізеді, себебін анықтап мұғалімдерге, ата-аналарға кенес береді.

**Тындалды 3-сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Шайза А.** Әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында

элеуметтік педагогтар Шайза А., Маханбетова С.Б. 8-сыныптар арасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» тақырыпта түсіндірмелер жүргізді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы» тақырыбында мәлімет беріле отырып, оқушылардан сұрақ-жауаптар алынды. Тақырыпқа байланысты суреттер салынып, «Мен бақытты баламын» ой толғауы еткізілді.

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық акпараттық акциясы аясында мектебімізде 8 сынып оқушыларымен "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында кездесуді әлеуметтік педагогтар Маханбетова С.Б, Шайза А. еткізді. Кездесудің мақсаты өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзакылық істерге бармауға, жағымсыз әрекеттер жасамауға, бойларындағы адами қасиеттерді сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуге тәрбиелеу екенідігі ескертілді.

**Тындалды 4-сұрақ бойынша «Адал Ұрпак» жетекшісі Дубайхан Бахыт**. "Адал Ұрпак" клубының үйымдастыруымен 12.03.2024 жылы 9"а" сынып оқушылары арасында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған" түсіндірме жұмысы жүргізілді. Үйымдастырылған іс -шара ескелен ұрпактың жастайынан құқықтық санаы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу, құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындастырын қауып-қатерден сақтау мақсатында өтті. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың парызы және әр жеке тұлға белсенді азаматтық ұстаным білдіруі қажет деген пікірді оқушыларға түсіндіріліп, қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, профилактикалық жұмыстарын насиҳаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы зандарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата занды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу мектеп қабырғасынан басталатынын оқушыларға түсіндірілгенін хабарлады.

**Шешімі:**

1. Ақпарат мәліметке алынсын.
2. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, қатаң бақылауға алынсын.
3. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі жоспраға сәйкес жүргізілсін.
4. 8 сыныптардағы құқықбұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық колсұғылмаушылық) алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

5. "Адал Үрпақ" мектеп клубының жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, жұмысты жалғастыру.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Хаттама № 8**  
**Құқық бұзушылықтың алдын алу Қенесінің  
отырысы**

«Еркіншілік ауыларының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

26.04.2024 жыл

**Катысқандар:**  
Мектеп директоры Исатаева Б.Г.  
ДТДЖО .Мырзахан Қайратгұль  
Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.  
мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә .  
Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла  
«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл  
учаскелік инспектор Исенов Е.Ж

- Күн тәртібінде:**
1. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насиҳаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау. (Психолог Жайсанбаева Е.Ә)
  2. 2023-2024 оку жылдарының 3 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығының қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. (ДТДЖО Салқынбаева А.А.)
  3. 7 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың (ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсұғылмаушылық) алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, (Молхы Ақмарал)

**Тындалды 1-сұрақ бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә**  
Өз сөзінде 5-11 сыныптардағы аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелеріне және суицидті және жағымсыз ағымдарды насиҳаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау жасалынып, жүргізген жұмыстары туралы мәлімдеді.

Сәуір айында 5-11 сынып оқушыларымен Суицидтік тәуекел тобын анықтауға арналған «Ағаштағы орныңыз қайсы?» сауалнамасы өткізілді.

**Тесттің мақсаты:** адамның болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі. Өзіне – өзі қол жұмсау қаупін жедел диагностикалау; өзіне – өзі қол жұмсау әрекеттерінің алдын – алу мақсатында өзіне – өзі қол жұмсау ниеттерінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Ағаштағы адамдардың көніл-күйі әртүрлі және әрқайсысының өзіне ғана тән орны бар. Ең алдымен, өзінізге қайсысы көбірек ұқсайтынын анықтау керек болды. Артынша ұқсағының келетін адамды тандау болды. Диагностика бойынша оқушыларға келесі ұсыныс берілді:

Ұсыныс: тәуекел тобына енген оқушылармен жеке диагностика жұмысы мен сұхбат жүргізу. Сынып жетекшісіне тәуекел тобындағы оқушыларды сабакқа қатысуы мен қоршаған ортадағы қарым – қатынасын бақылау.

### Тындалды 2-сұрақ бойынша (ДТЖО Салқынбаева А.А.)

2023-2024 оку жылының 3 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтау үшін сабакты себепсіз босатын оқушылардың үйіне материалдық және тұрмыстық үй жағдайын тексеру актің жүргізілді. Құжаттар толық талапқа сай рәсімделіп жүргізілгенін мәлімдеді.

Тындалды 3-сұрақ бойынша (Молхы Ақмарал) 2024 жылдың сәуір айында 7-сынып оқушыларымен ерте жүктілікті алдын алу, зорлық-зомбылық, нашақорлық, шылым шегу, жыныстық қолсуғылмаушылық тақырыптарында лекция оқытылып, бейнероликтер көрсетілді.

### **Шешімі:**

1. Хабар мәліметке алын сын.
2. 5-11-сыныптарда күкірт бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
3. Білім алушылардың әлеуметтік категориясы бекітілсін.
4. Ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, нашақорлық, электронды шылым, жыныстық қолсуғылмаушылық тақырыптарында алдын алу жұмыстарының жүргізілуі жалғастырылсын.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.

**Хаттама № 9**  
**Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің  
отырысы**

«Еркіншілік ауыларының жалпы орта білім беретін мектебі»  
Еркіншілік ауылы

29.05.2024 жыл

**Катыскандар:**

Мектеп директоры Исатаева Б.Г.  
ДТІЖО .Мырзахан Қайратгұль  
Кеңес хатшысы Салқынбаева А.А.  
мектеп психологи Жайсанбаева Е.Ә .  
Ата-аналар кеңесінің төрайымы: Мархаш Нейлла  
«Өзін өзі басқару » мектеп парламентінің президенті : Мурат Нұрасыл  
учаскелік инспектор Альмаганбетов Д.Е.

**Күн тәртібінде:**

1. Әлеуметтік нормалар және бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашақорлық, маскунемдік) Психолог Жайсанбаева Е.Ә
2. Оқудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды үйімдастыру туралы (Салқынбаева А.А.)
3. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оку жылындағы қызметіне талдау.  
(Мырзахан Қайратгұль)

**Тындалды 1-сұрақ бойынша мектеп медбикесі Енсеген М.** Өз сөзінде 7-8 сынып оқушыларымен қылмыс, нашақорлық, маскунемдік тақырыптарында түсіндірме профилактикалық алдын алу жұмыстары жүргізілгенін хабарлады. Оқушылармен сұхбаттасып, қойылған сұрақтарына толыққанды жауаптар берілді.

**Тындалды 2-сұрақ бойынша Салқынбаева А.А.** Білім алушылардың жазғы демалысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. 1-4-сынып оқушылары жазғы мектепішілк «Айгөлек» лагерінде демалады. Сонымен қатар 5-8,10-сынып оқушылары жазғы еңбек практикасымен айналысады. 4-10 сынып оқушылары категорияларға сәйкес қала сыртындағы «Жұлдыз», «Сұнқар», «Жасдәурен» лагерлерінде демалады. Қазақстан халқы қорынан 5 окушы тегін жолдамамен демалады. Демалыс уақытында әкімшілік, сынып жетекшілері қауіпсіздікті алдын алу мақсатында әлеуметтік желілерге, ата-аналар мен оқушылар чаттарына ақпараттар, мәліметтер мен бейнематериалдар жіберіп отыратынын айтты. Жазғы демалыспен оқушылар 100% қамтылады.

**Тындалды З-сұрақ бойынша ДТГЖО Мырзахан Қайратгұль** Ол қатысуышыларды 2023-2024 оку жылындағы Құқықбузушылықты алдын алу көнестің жұмысына тоқталып өтті. Оку жылының жоспарына сәйкес жоспарланған 9 отырыс өткізілді, күн тәртібіндегі сұрақтар толық қаралды. Көнестің жұмысын қанағаттанарлық деп есептеуге болады.

**Шешімі:**

1. Хабар мәліметке алын сын.
2. Профилактикалық алдын алу жұмыстары «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Оқушылардың жазғы демалысы жоғары деңгеде ұйымдастырылсын.
4. Білім алушылардың әлеуметтік категориясы бекітіліп, құжаттарлы талапқа сай жинақталсын.
5. 2023-2024 оку жылының Құқықбузұшылықты алдын алу көнестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.



Мектеп директоры :  
Хатшысы:

Исатаева Б.Г.  
Салқынбаева А.А.